

**"Соколов-Сарыбай" тау-кен байыту өндірістік бірлестігі" ашық акционерлік қоғамы
акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 желтоқсан N 1371

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Жарлығына сәйкес, "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңын іске асыру отан ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногын жандандыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кен-металлургия саласын одан әрі дамыту және "Соколов-Сарыбай" тау-кен байыту өндірістік бірлестігі" ашық акционерлік қоғамының тұрақты жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Соколов-Сарыбай" тау-кен байыту өндірістік бірлестігі" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) жарғылық капиталының 39,5 (отыз тоғыз бүтін оннан бес) пайызы мөлшерінде акцияларының мемлекеттік пакетін мынадай тәртіппен сатуды жүзеге асырсын:

Қоғамның акциялары Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының "А" санатындағы ресми тізімге енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы арқылы 4 (төрт) пайызын сатсын;

Ресей Федерациясының аумағында Қоғам өндіретін жылына кемінде 7 (жеті) миллион тонна темір рудасы концентратын және жентектерді кепілдікті өткізуді қамтамасыз ете отырып, 35,5 (отыз бес бүтін оннан бес) пайызын темір рудасы шикізатын өндіру мен шығару саласында жұмыс тәжірибесі және ұйымдар акцияларының бақылау пакетіне меншік құқығы немесе жылына кемінде 10 (он) миллион тонна темір рудасы өнімін өндіретін ұйымдарды басқару құқығы бар заңды тұлғалар арасындағы тендерде біртұтас лотпен сатсын;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. "Жекешелендірудің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 1556 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ 1-тармақшасы алынып тасталсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ